

«Ғарыштық техника және технологиялар институты» ЖШС

Қаржылық есептілік

*2025 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін
тәуелсіз аудитордың есебімен бірге*

МАЗМҰНЫ

2025 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін қаржылық есептілікті дайындау жіне бекіту жөніндегі басшылықтың жауапкершілігі туралы мәлімдеме

Тәуелсіз аудитордың аудиторлық есебі

Қаржылық жағдай туралы есеп

3

Жиынтық кіріс туралы есеп

4

Ақшалай қаражат қозғалысы туралы есеп

5

Меншікті капиталдағы өзгерістер туралы есеп

6

Қаржылық есептілікке ескертпелер

7

«Ғарыштық техника және технологиялар институты» ЖШС

2025 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін қаржылық есептілікті дайындау жіне бекіту жөніндегі басшылықтың жауапкершілігі туралы мәлімдеме

Осы мәлімдеме аудит бойынша тәуелсіз аудиторлар есебінде келтірілген аудиторлардың міндеттемелерін сипаттаумен бірге қарастырылуы тиіс және «Ғарыштық техника және технологиялар институты» ЖШС-нің (бұдан әрі – «Компания») қаржылық есептілігіне қатысты аудиторлардың және Компания басшылығының жауапкершілігін ажырату мақсатында жасалған.

Компания басшылығы 2025 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Компанияның қаржылық жағдайын, сондай-ақ осы күнмен аяқталған жылдағы қызметінің нәтижелерін, ақша қаражатының қозғалысын және капиталдағы өзгерістерін барлық елеулі аспектілер бойынша шынайы бейнелейтін қаржылық есептілікті дайындауға жауапты. Қаржылық есептілік Халықаралық қаржылық есептілік стандарттарына (ХҚЕС) сәйкес дайындалуы тиіс.

Қаржылық есептілікті дайындау барысында Компания басшылығы жауап береді:

- бухгалтерлік есептің тиісті қағидаттарын таңдау және оларды жүйелі түрде қолдану;
- негізделген кәсіби бағалау мен есептеулер жүргізу;
- ХҚЕС талаптарын сақтау немесе есептілікке елеулі түрде сәйкес келмеген жағдайларда тиісті түсіндірмелер беру және
- Компания жақын болашақта қызметін жалғастырады деген болжам негізінде қаржылық есептілікті дайындау (егер мұндай болжам орынсыз болмаса).

Сонымен қатар, Басшылық жауапты:

- Компанияда тиімді және сенімді ішкі бақылау жүйесін өзірлеу, енгізу және оның жұмыс істеуін қамтамасыз ету;
- Компанияның қаржылық жағдайы туралы кез келген уақытта жеткілікті дәлдікпен ақпарат алуға және ХҚЕС талаптарына сәйкес қаржылық есептілікті қамтамасыз етуге мүмкіндік беретін бухгалтерлік есеп жүйесін жүргізу;
- Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес бухгалтерлік есеп жүргізу;
- Компания активтерін қорғау үшін өз өкілеттігі шеңберінде шаралар қабылдау;
- алаяқтық және өзге де заң бұзушылықтардың алдын алу және оларды анықтау.

Осы 2025 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жылға арналған қаржылық есептілік **2026 жылғы 28 сәуірде** Компания басшылығы тарапынан бекітіліп, жариялауға ұсынылды.

Директор
О.К. Тойшибеков



Бас бухгалтер
Ж.К. Алимбекова

Тәуелсіз аудитордың аудиторлық есебі

«Ғарыштық техника және технологиялар институты» ЖШС Қатысушысына және Басшылығына

Пікір

Біз «Ғарыштық техника және технологиялар институты» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің (бұдан әрі – «Компания») 2025 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша қаржылық жағдай туралы есебінен, жиынтық кіріс, меншікті капиталдағы өзгерістер және 2025 жылғы ақшалай қаражат қозғалысы туралы есептерінен, сондай-ақ есепке алу саясатының маңызды ережелері туралы ақпаратты қоса алғанда, қаржылық есептілікке жасалған ескертпелерден тұратын қаржылық есептілігіне аудит жүргіздік.

Біздің пікірімізше, қоса беріліп отырған қаржылық есептілік Қаржылық есептіліктің халықаралық стандарттарына (бұдан әрі – «ҚЕХС») сәйкес барлық маңызды аспектіде Компанияның 2025 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша қаржылық жағдайын, сондай-ақ оның 2025 жылғы қаржылық нәтижелері мен ақшалай қаражат қозғалысын шынайы көрсетеді.

Пікір білдіруге негіз

Біз Халықаралық аудит стандарттарына (бұдан әрі – «ХАС») сәйкес аудит жүргіздік. Осы стандарттарға сәйкес біздің міндеттеріміз есебіміздің «Аудитордың қаржылық есептілік аудиті үшін жауапкершілігі» атты бөлімінде сипатталған. Біз Компанияға қатысты Халықаралық бухгалтерлік этика стандарттары жөніндегі кеңес (ХБЭСК) қабылдаған Кәсіби бухгалтерлердің халықаралық этика кодексіне (халықаралық тәуелсіздік стандарттарын қоса алғанда) (ХБЭСК кодексі) және Қазақстан Республикасындағы қаржылық есептілік аудитіне қолданылатын этикалық талаптарға сәйкес тәуелсізбіз, сондай-ақ осы талаптар мен ХБЭСК кодексіне сәйкес өзге де этикалық міндеттерді орындадық. Біздің алған аудиторлық дәлелдемелеріміз өз пікірімізді білдіруге негіз болу үшін жеткілікті әрі тиісті деп санаймыз.

Аудиттің негізгі мәселелері

Аудиттің негізгі мәселелері – біздің кәсіби пайымдауымыз бойынша, ағымдағы кезеңдегі қаржылық есептілік аудиті үшін ең маңызды болған мәселелер. Бұл мәселелер біздің жалпы қаржылық есептілікке жүргізген аудитіміз аясында және сол есептілік туралы пікірімізді қалыптастыру кезінде қаралды, сондықтан біз бұл мәселелер бойынша жеке пікір білдірмейміз. Төменде көрсетілген мәселеге қатысты, оның аудит барысында қалай қаралғаны жөніндегі сипаттамамыз осы тұрғыда келтіріледі.

Біз есебіміздің «Аудитордың қаржылық есептілік аудиті үшін жауапкершілігі» атты бөлімінде сипатталған міндеттерді, оның ішінде осы мәселеге қатысты міндеттерді де орындадық. Тиісінше, біздің аудитіміз қаржылық есептіліктің елеулі бұрмалану тәуекелдерін бағалауымызға жауап ретінде өзірленген рәсімдерді орындауды қамтыды.

Аудиторлық рәсімдеріміздің, соның ішінде төменде көрсетілген мәселені қарау барысында орындалған рәсімдердің нәтижелері – қоса берілген қаржылық есептілікке қатысты аудиторлық пікірімізді білдіруге негіз болады.

Аудиттің түйінді мәселесі

Түйінді мәселе аудитіміз барысында қалай қаралды

Материалдық емес активтердің әділ құны

Материалдық емес активтердің әділ құны – аудитіміздің ең маңызды мәселелерінің бірі, себебі әділ құнды бағалау елеулі пайымдаулар мен жорамалдарға негізделеді. 2025 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Компанияның материалдық емес активтері Компания активтерінің едәуір бөлігін құрайды. Компанияның есеп саясатына сәйкес, материалдық емес активтер қайта бағаланған құнмен, яғни қайта бағалау күніндегі әділ құннан қайта бағалау күнінен кейін танылған жинақталған амортизация мен құнсызданудан болған залалдарды шегергендегі құнмен көрсетіледі.

Компания әрбір есепті күн сайын материалдық емес активтердің әділ құны олардың баланстық құнынан қаншалықты елеулі ерекшеленетініне талдау жүргізеді.

Материалдық емес активтердің басым бөлігін мамандандырылған бағдарламалық қамтамасыз ету – тасымалдарды қадағалаудың ақпараттық жүйесі («БҚ») құрайды.

БҚ-ны өзірлеу 2024 жылы аяқталды, осы активтердің әділ құнын бағалау үшін Компания басшылығы тәуелсіз бағалаушы тартты.

Тәуелсіз бағалаушы (мемлекеттік органдардың ақпараттандыру объектілерін құруға, дамытуға және сүйемелдеуге арналған шығындарды есептеу әдістемесі мен нормативтеріне сәйкес) нақты шығындар өдісі шеңберінде шығын тәсілін қолданды.

Бұл тәсілдің қолданылу себебі – жоғарыда аталған ішкі құрылған материалдық емес активтердің сәйкестендірілетін кіріс көздері жоқ, өйткені бағдарламалық қамтамасыз ету енді ғана енгізіліп жатыр және бағалау сәтінде әлі пайда әкелген жоқ. Бұған қоса, аталған материалдық емес активтер нарығы шектеулі объектілерге жатады, сондықтан белсенді нарықтың болмауына байланысты олардың

2025 жыл ішінде ішкі тәртіппен құрылған материалдық емес активтерге қатысты біз түсімдердің бастапқы құжаттарға сәйкестігін іріктемелі түрде тексердік. Материалдық емес активтердің әділ құнын тексеру шеңберінде біз Компанияның нақты шығындарды есептеу үшін қолданған нормативтері мен индекстерін талдадық. Біз нормативтер мен индекстердің қолданылу дұрыстығын іріктемелі түрде тексердік.

Біз материалдық емес активтердің амортизация мерзімдеріне қатысты ағымдағы болжамдарды бағаладық.

Біз қаржылық есептілікте материалдық емес активтерге қатысты ақпараттың ашып көрсетілуін талдадық.

ықтимал сату бағасы туралы ақпарат алу мүмкін емес.

Корпоративтік табыс салығы

Компания бюджет қаражатынан бағдарламалық-нысаналы, гранттық және базалық қаржыландыру алады, сондай-ақ арнайы экономикалық аймаққа қатысушы ретінде қызметін жүзеге асырады. Корпоративтік табыс салығын айқындау кезінде Компания АЭА-ға қатысушы ретінде қызметтің басым түрлерін жүзеге асыру нәтижесінде алынған тауарларды, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді өткізуден түскен кірістер бойынша есептелген корпоративтік салық сомасын 100 пайызға азайтады.

Біз табыс салығы бойынша төмендетілген мөлшерлемені қолдану шарттарын зерделеп, Компанияның осындай мөлшерлемені қолдану шарттарын сақтауын тексердік. Сондай-ақ біз ағымдағы кезеңдегі бағдарламалық-нысаналы, гранттық және базалық қаржыландыру шарттарының орындалуын, осындай қаржыландыру мен ақпаратты ашып көрсетудің осы қаржылық есептілікте дұрыс көрініс табуын зерделедік.

Біз қаржыландырушы ұйымдардан Компанияның алынған тапсырыстар бойынша кірістерді тану үшін шарттық талаптарды орындағаны туралы растау, сондай-ақ Компанияның есепке алу деректерін контрагенттерден алынған деректермен салыстырып-тексеру үшін қажетті мәліметтерді алдық.

Басшылықтың және корпоративтік басқаруға жауапты тұлғалардың қаржылық есептілік үшін жауапкершілігі

Басшылық ХҚЕС-ке сәйкес аталған қаржылық есептілікті дайындауға және дұрыс ұсынуға, сондай-ақ жосықсыз әрекеттердің немесе қателердің салдарынан елеулі бұрмалаушылықтардың болмауын қамтамасыз ету үшін өзі қажет деп санайтын ішкі бақылау жүйесін құруға жауапты болады.

Қаржылық есептілікті дайындау кезінде басшылық мыналарды бағалауға жауапты: Компанияның өз қызметін үздіксіз жалғастыру қабілетін, тиісті жағдайларда қызметтің үздіксіздігіне қатысты мәліметтерді ашуға және қызметтің үздіксіздігі қағидатының негізінде есептілік жасауға, басшылық Компанияны таратуды көздеген жағдайларды қоспағанда, оның қызметін тоқтатуға ниеттенсе немесе басшылықта Компанияны таратудың не қызметін тоқтатудың іс жүзінде баламасы болмаса. Корпоративтік басқаруға жауапты тұлғалар Компанияның қаржылық есептілігін дайындауды қадағалауға жауапты.

Аудитордың қаржылық есептіліктің аудиті үшін жауапкершілігі

Біздің мақсатымыз – қаржылық есептіліктің тұтастай алғанда жосықсыз әрекеттердің немесе қателердің салдарынан елеулі бұрмаланбағанына қатысты жеткілікті сенімділікке қол жеткізу және өз пікіріміз қамтылған аудиторлық есепті шығару.

Парасатты сенімділік сенімділіктің жоғары деңгейін білдіреді, бірақ Халықаралық аудит стандарттарына сәйкес жүргізілген аудит елеулі бұрмалаушылықты, ол бар болған күнде де, әрдайым анықтайтынына кепілдік бермейді. Бұрмалаушылықтар жосықсыз әрекеттердің немесе қателердің нәтижесінде туындауы мүмкін және егер олар жеке-жеке немесе жиынтығында осы қаржылық есептілік негізінде шешім қабылдайтын пайдаланушылардың экономикалық шешімдеріне ықпал етеді деп пайымдауға негіз болса, елеулі деп саналады. Халықаралық аудит стандарттарына сәйкес жүргізілетін аудит шеңберінде біз кәсіби пайымдауды қолданамыз және аудит барысында кәсіби скептицизмді сақтаймыз. Бұған қоса, біз төмендегілерді орындаймыз:

- жосықсыз әрекеттердің немесе қателердің салдарынан қаржылық есептіліктің елеулі бұрмалану тәуекелдерін анықтаймыз және бағалаймыз; осы тәуекелдерге жауап ретінде аудиторлық рәсімдерді әзірлеп, жүргіземіз; өз пікірімізді білдіру үшін негіз болатын жеткілікті өрі тиісті аудиторлық дәлелдемелер аламыз. Жосықсыз әрекеттерден туындаған елеулі бұрмалауды анықтай алмау тәуекелі қателерден туындаған елеулі бұрмалауды анықтай алмау тәуекелінен жоғары, өйткені жосықсыз әрекеттерге сөз байласу, құжатты қолдан жасау, деректерді қасақана жасыру, ақпаратты бұрмалап ұсыну немесе ішкі бақылау жүйесін айналып өту кіруі мүмкін;
- жағдайларға сәйкес аудиторлық рәсімдерді әзірлеу мақсатында аудит үшін маңызы бар ішкі бақылау жүйесін түсінеміз, бірақ мұнымыз Компанияның ішкі бақылау жүйесінің тиімділігі туралы пікір білдіру мақсатында емес;
- қолданылған есеп саясатының орындылығын және басшылық есептеген бағалау мөндерінің негізділігі мен тиісті ақпараттың ашылуын бағалаймыз;
- басшылықтың қызметтің үздіксіздігі туралы жорамалды қолдануының құқыққа сыйымдылығы туралы, сондай-ақ алынған аудиторлық дәлелдемелердің негізінде, Компанияның өз қызметін үздіксіз жалғастыру қабілетіне елеулі күмән тудыруы мүмкін оқиғаларға немесе жағдайларға байланысты айтарлықтай белгісіздіктің бар-жоғы туралы қорытынды жасаймыз. Егер біз айтарлықтай белгісіздік бар деген қорытындыға келсек, онда аудиторлық есебімізде Компанияның қаржылық есептілігіндегі тиісті ақпараттың ашылуына назар аудартуымыз немесе, егер мұндай ақпараттың ашылуы орынсыз болса, пікірімізді өзгертуіміз қажет. Біздің қорытындыларымыз аудиторлық есеп берілген күнге дейін алынған аудиторлық дәлелдемелерге негізделеді. Алайда болашақтағы оқиғалар немесе жағдайлар Компанияның өз қызметін үздіксіз жалғастыру қабілетінен айырылуына әкеп соғуы мүмкін;
- қаржылық есептіліктің тұтастай ұсынылуын, оның құрылымы мен мазмұнын, соның ішінде ақпараттың ашылуын, сондай-ақ қаржылық есептіліктің негізінде жатқан операциялар мен оқиғаларды дұрыс ұсынылуын қамтамасыз ететіндей түрде көрсетіп-көрсетпейтінін бағалаймыз.

Біз басқаруға жауапты тұлғаларды аудиттің жоспарланған көлемі мен мерзімдері туралы, сондай-ақ аудит барысында анықталған елеулі мәселелер, соның ішінде ішкі бақылау жүйесіндегі айтарлықтай кемшіліктер туралы хабардар етеміз.




Пан А.В.
Аудитор /Басқарушы серіктес
«PKF Audit&Assurance» ЖШС

Аудитордың біліктілік куәлігі
№ МФ-0000880, «Қазақстан Республикасының
аудиторлығына кандидаттарды аттестаттау жөніндегі
Аудиторлар палатасының біліктілік комиссиясы» ЖМ
берген
2019 жылғы 18 қыркүйек

Қазақстан Республикасы, Алматы қ.,
Достық алаңы, 210, офис №31

2026 жылғы 28 сәуір


Қызметтен айналысуға арналған
мемлекеттік лицензия
Қазақстан Республикасындағы
аудиторлық қызметке Қазақстан
Республикасы Қаржы министрлігі 2019
жылғы 12 қарашада берген № 19022292
лицензиясы

«Ғарыштық техника және
технологиялар институты» ЖШС

ЖИЫНТЫҚ ТАБЫС ТУРАЛЫ ЕСЕП

Қаржылық есептілік

<i>Мың теңгемен</i>	Еск.	2025 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша	2024 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша
Активтер			
Ұзақ мерзімді активтер			
Негізгі құралдар	6	378,852	258,937
Материалдық емес активтер	7	661,190	737,110
Пайдалану құқығы нысанындағы активтер		32	63
Ұзақ мерзімді активтердің жиыны		1,040,074	996,110
Ағымдағы активтер			
Қорлар	8	277,716	16,437
Сауда және өзге де дебиторлық берешек		74,953	3,750
Корпоративтік табыс салығы бойынша алдын ала төлем		184	184
Өзге салықтар бойынша алдын ала төлем		1,370	3,039
Өзге де қысқа мерзімді активтер		3,191	75,944
Ақша қаражаты	9	545,619	100,528
Ағымдағы активтердің жиыны		903,033	199,882
Активтердің жиыны		1,943,107	1,195,992
Меншікті капитал			
Жарғылық капитал	10	341,472	341,472
Материалдық емес активтерді қайта бағалау резерві, нетто		677,590	727,126
Бөлінбеген пайда/ (өтелмеген залал)		730,316	96,895
Меншікті капиталдың жиыны		1,749,378	1,165,493
Міндеттемелер			
Ұзақ мерзімді міндеттемелер			
Өзге де ұзақ мерзімді міндеттемелер		161,977	31
Ұзақ мерзімді міндеттемелердің жиыны		161,977	31
Қысқа мерзімді міндеттемелер			
Сауда және өзге де кредиторлық берешек	11	547	23,641
Төленуге тиісті өзге салықтар		5,636	-
Қысқа мерзімді бағалау резервтері		25,568	3,634
Өзге де қысқа мерзімді міндеттемелер		1	3,193
Қысқа мерзімді міндеттемелердің жиыны		31,752	30,468
Міндеттемелер жиыны		193,729	30,499
Меншікті капитал мен міндеттемелер жиыны		1,943,107	1,195,992



(Handwritten signatures)

7-сеп 29-ға дейінгі беттердегі есеп саясаты мен ескертпелер осы қаржылық есептіліктің ажырамас бөлігі болып табылады.

ЖИЫНТЫҚ ТАБЫС ТУРАЛЫ ЕСЕП

Мың теңгемен	Еск.	Аяқталған жыл үшін	
		2025 жыл	2024 жыл
Қызметтерді өткізуден түскен кіріс	12	2,186,515	1,214,193
Өткізудің өзіндік құны	13	(1,377,943)	(1,036,901)
Жалпы пайда		808,572	177,292
Жалпы және өкімшілік шығыстар	14	(237,705)	(186,377)
Өзге операциялық кірістер	15	61,058	28,132
Өзге операциялық шығыстар		(1,489)	(500)
Бағам айырмасынан түскен кірістер/ (шығыстар)		(1,434)	2,074
Операциялық пайда		629,002	20,621
Қаржылық кірістер		55,626	26,478
Қаржыландыру бойынша шығындар		-	-
Салық салынғанға дейінгі пайда		684,628	47,099
Табыс салығы бойынша шығыстар	16	(8,078)	(3,972)
Есепті жылдағы таза пайда		676,550	43,127
Өзге жиынтық табыс			
Материалдық емес активтерді қайта бағалау, нетто		-	727,126
Салықтарды шегергендегі есепті жылғы жиынтық табыс		676,550	770,253

Директор

Тойшибеков О.К.

Бас бухгалтер

Алимоқова Ж.К.

7-ден 29-ға дейінгі беттердегі есеп саясаты мен ескертпелер осы қаржылық есептіліктің ажырамас бөлігі болып табылады.

АҚША ҚАРАЖАТЫНЫҢ ҚОЗҒАЛЫСЫ ТУРАЛЫ ЕСЕП

Мың теңгемен	Еск.	31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін	
		2025 жыл	2024 жыл
Операциялық қызмет			
Дайын өнімді өткізу		2,354,660	1,423,616
Тауарлар мен қызметтер үшін жеткізушілерге төлемдер		(513,657)	(225,577)
Еңбекақы төлеу бойынша төлемдер		(805,068)	(760,562)
Бюджетке төленетін төлемдер		(332,061)	(426,821)
Өзге түсімдер		175,220	311
Өзге төлемдер		(170,204)	(1,537)
Операциялық қызметтен түскен таза ақша қаражатының қозғалысы		708,890	9,430
Инвестициялық қызмет			
Негізгі құралдарды сатып алу		(258,005)	(32,969)
Ұзақ мерзімді активтерді сатып алу		(5,503)	(259)
Инвестициялық қызметтен түскен таза ақша қаражатының қозғалысы		(263,508)	(33,228)
Қаржылық қызмет			
Төленген дивидендтер		(43,127)	(49,671)
Алынған сыйақылар		45,619	22,506
Қаржылық қызметтен түсетін таза ақша ағындары		2,492	(27,165)
Бағамдық айырмалардың әсері		(2,783)	555
Жыл басындағы ақша қаражаты және олардың баламалары		100,528	150,936
Жыл соңындағы ақша қаражаты және олардың баламалары		545,619	100,528

Директор
Тойшибеков О.К.

Бас бухгалтер
Алимоқова Ж.К.



7-29 беттердегі есеп саясаты мен ескертпелер осы қаржылық есептіліктің ажырамас бөлігі болып табылады.

«Ғарыштық техника және технологиялар институты»
ЖШС

МЕНШІКТІ КАПИТАЛДАҒЫ ӨЗГЕРІСТЕР ТУРАЛЫ ЕСЕП

Қаржылық есептілік

Мың теңгемен	Жарғылық капитал	Қайта бағалау резерві материалдық емес активтер бойынша	Бөлінбеген пайда/ (жабылмаған залал)	Жиыны
2023 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша	341,472	-	103,438	444,910
Таза пайда	-	783,010	43,127	826,137
Жыл ішіндегі жиынтық табыс	-	783,010	43,127	826,137
Қатысушыға төленген төлемдер	-	-	(49,671)	(49,671)
Материалдық емес активтерді қайта бағалау резервінің амортизациясы	-	(55,884)	-	(55,884)
2024 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша	341,472	727,126	96,895	1,165,493
Жыл ішіндегі пайда	-	-	676,550	676,550
Жыл ішіндегі жиынтық табыс	-	-	676,550	676,550
Қатысушыға төленген төлемдер	-	-	(43,129)	(43,129)
Материалдық емес активтерді қайта бағалау резервінің амортизациясы	-	(49,536)	-	(49,536)
2025 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша	341,472	677,590	730,316	1,749,378

Директор

Тойшибеков О. Қалима

Бас бухгалтер

Алимбаева Ж.К.



7-29 беттердегі есеп қорытындылары мен ескертпелер осы қаржылық есептіліктің ажырамас бөлігі болып табылады.

ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР

1. Жалпы ақпарат

«Ғарыштық техника және технологиялар институты» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі (бұдан әрі – «Компания») Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес құрылып, Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2009 жылғы 23 желтоқсанда тіркелген. Соңғы қайта тіркелген күні – 2024 жылғы 24 қазан. Компанияны Қазақстан Республикасы Үкіметінің атынан Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитеті құрған.

Қазақстан Республикасы Жасанды интеллект және цифрлық даму министрлігінің Аэроғарыш комитеті Компанияның жалғыз қатысушысы болып табылады.

2025 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Компанияның жарғылық капиталының мөлшері 341,472 мың теңгені құрайды, ол жылжымайтын және жылжымалы мүлікпен қалыптастырылған (2024 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша: 341,472 мың теңге).

- Компания қызметінің негізгі түрлері мыналар:
- Қазақстан Республикасының азаматтық заңнамасына сәйкес электрондық индикаторларды (навигациялық пломбаларды) пайдалана отырып, тасымалдаушыларға тасымалды қадағалау бойынша қызмет көрсету;
- Шұғыл шақыру жүйесін пайдалану;
- Шұғыл шақыру жүйесін құру және дамыту жөніндегі жобаны басқару;
- Шұғыл шақыру жүйесінде ақпараттық қорғанысты қамтамасыз ету;
- Шұғыл шақыру жүйесінде шұғыл жедел қызметтерді шақыру құрылғысын тіркеу және есепке алу;
- Абонентті сәйкестендіру карталарын шығару;
- Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар саласындағы бірыңғай талаптарды сақтау және ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету.
- Жауапты ғимараттар мен құрылыстарды позициялау және мониторингілеу жүйелеріне арналған жабдықты өндіру (навигациялық пломбаларды өндіру) 2030 жылғы 26 желтоқсанға дейін;
- Ғарыш қызметі саласындағы ғылыми зерттеулер мен әзірлемелер;
- Қорғаныс және ұлттық қауіпсіздік саласындағы зерттеулер мен эксперименттік әзірлемелер;
- Жаратылыстану және техникалық ғылымдар саласындағы өзге де зерттеулер мен әзірлемелер.

Компания ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызмет субъектісі ретінде аккредиттелген (аккредиттеу туралы куәлікті Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі 2021 жылғы 14 желтоқсанда 2026 жылғы 14 желтоқсанға дейінгі мерзімге берген).

Компания өз қызметін ғарыш кеңістігін пайдалануға, оның ішінде зымыран-ғарыш техникасын жасауға, өндіруге, пайдалануға, жөндеуге және жаңғыртуға, оның жұмыс істеуін қамтамасыз ету үшін жерүсті инфрақұрылымын пайдалануға арналған 2013 жылғы 23 қарашадағы лицензия негізінде жүзеге асырады. Компания мемлекеттік монополия субъектілерінің тізіліміне енгізілген, сондай-ақ арнаулы құқық субъектісі болып табылады.

Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің 2015 жылғы 28 сәуірдегі «Апаттар мен зілзалалар кезіндегі шұғыл шақыру жүйесі операторының функцияларын жүзеге асыратын заңды тұлғаны айқындау туралы» No513 бұйрығымен Компания апаттар мен зілзалалар кезіндегі шұғыл шақыру жүйесінің («ЭВАК») операторы болып айқындалды.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2025 жылғы 10 қыркүйектегі No 731 қаулысымен Компания навигациялық пломбаларды қолдану арқылы тасымалдарды қадағалау бойынша «Транзит» ақпараттық жүйесінің ұлттық операторы қызметін жүзеге асырады.

ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР

Заңды мекенжайы: Қазақстан Республикасы, 050061, Алматы қаласы, Алатау ауданы,
Кисловодская көшесі, 34-үй.

ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР

2. Қаржылық есептілікті дайындау негіздері

2.1. Бухгалтерлік есеп қағидаттарына сәйкестігі

Осы қаржылық есептілік Қаржылық есептіліктің халықаралық стандарттары жөніндегі кеңес (IASB) шығарған, өз қаржылық есептілігін ҚЕХС бойынша дайындайтын компанияларға қатысты Қазақстан Республикасының заңнамасымен қабылданған Қаржылық есептіліктің халықаралық стандарттарына (ҚЕХС және ҚЕХС-ке түсіндірмелер жөніндегі комитеттің түсіндірмелері (IFRIC)) сәйкес дайындалды.

2.2. Есеп саясатындағы және ақпаратты ашу қағидаттарындағы өзгерістер

Қолданыстағы стандарттар мен түсіндірмелерге енгізілген жаңа стандарттар, түсіндірмелер мен түзетулер

Мынадай жаңа стандарттар мен түзетулер 2025 жылғы 1 қаңтардан бастап күшіне енді:

21 «Шектеулі айырбастау мүмкіндігі» ХҚЕС-на (IAS) түзетулер (2023 жылғы 15 тамызда шығарылды және 2025 жылғы 1 қаңтарда немесе осы күннен кейін басталатын жылдық кезеңдер үшін күшіне енеді).

Бұл түзету Компанияның қаржылық есептілігіне елеулі әсер еткен жоқ.

2.3. Шығарылған, бірақ әлі күшіне енбеген стандарттар

Төменде Компанияның қаржылық есептілігі шығарылған күнге дейін жарияланған, бірақ әлі күшіне енбеген жаңа стандарттар, түзетулер мен түсіндірмелер келтірілген. Компания бұл стандарттарды, түзетулер мен түсіндірмелерді, егер қолдануға келсе, олар күшіне енген күннен бастап қолдануға ниетті.

18 ХҚЕС (IFRS) «Қаржылық есептілікте ақпаратты ұсыну және ашып көрсету.»

2024 жылғы сәуірде ХҚЕС жөніндегі кеңес «Қаржылық есептілікті ұсыну» 1 ХҚЕС-ін (IAS) алмастыратын 18 ХҚЕС-ті (IFRS) шығарды. 18 ХҚЕС (IFRS) пайда немесе залал туралы есепте ақпаратты ұсынуға қатысты жаңа талаптар, соның ішінде белгілі бір жиынтық сомалар мен аралық жиынтық сомаларды ұсыну талаптарын енгізеді. Бұдан басқа, ұйымдар пайда немесе залал туралы есепте барлық кірістер мен шығыстарды бес санатқа бөліп көрсетуі тиіс (оның алғашқы үшеуі – жаңа): операциялық, инвестициялық және қаржылық, пайдаға салынатын салықтар және тоқтатылған қызмет.

Стандартта басшылық айқындайтын қызмет нәтижелерінің көрсеткіштері, кірістер мен шығыстардың аралық жиынтық сомалары туралы ақпаратты ашып көрсетуге қойылатын талаптар, сондай-ақ негізгі қаржылық есептер мен ескертпелердің функциясына байланысты қаржылық ақпаратты агрегаттауға және дезагрегаттауға қатысты жаңа талаптар қамтылған.

Жаңа стандарттың шығарылуы нәтижесінде 7-ХҚЕС (IAS) «Ақша қаражатының қозғалысы туралы есепке» қолданылу аясы тар түзетулер енгізілді. Оған сәйкес, жанама әдісті қолданған кезде операциялық қызметтен түсетін ақша ағындарын анықтау үшін «пайда немесе залалдың» орнына «операциялық пайда немесе залал» қолданылатын болады. Бұдан бөлек, түзетулер дивидендтер мен пайыздарды төлеуге байланысты туындайтын ақша ағындарының жіктелімін таңдау мүмкіндігінің күшін жояды. Сондай-ақ кейбір басқа стандарттарға да ілеспе түзетулер енгізілді.

18-ХҚЕС (IFRS) және басқа стандарттарға енгізілген тиісті түзетулер 2027 жылғы 1 қаңтарда немесе осы күннен кейін басталатын есепті кезеңдерге қатысты күшіне енеді. Бұл фактіні ашып көрсету шартымен мерзімінен бұрын қолдануға рұқсат етіледі. 18-ХҚЕС (IFRS) ретроспективті түрде қолданылады.

Қазіргі уақытта Компания жаңа стандарт пен түзетулердің негізгі қаржылық есептілікке және қаржылық есептілікке ескертпелерге қалай әсер ететінін анықтау үстінде.

ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР

2.3. Шығарылған, бірақ әлі күшіне енбеген стандарттар (жалғасы)

19-ХҚЕС (IFRS) «Жария есептілігі жоқ еншілес ұйымдар: ақпаратты ашып көрсету»

2024 жылғы мамырда ХҚЕС жөніндегі кеңес ХҚЕС (IFRS) 19 стандартын шығарды. Бұл стандарт белгілі бір критерийлерге сай келетін ұйымдарға ақпаратты ашудың оңайлатылған талаптарын қолдануға мүмкіндік береді, сонымен бірге олар ХҚЕС бухгалтерлік есеп стандарттарының тану, бағалау және ұсыну жөніндегі басқа талаптарын толық көлемде қолданады. Компания бұл стандартты, егер есепті кезеңнің соңында 10-ХҚЕС (IFRS) стандартындағы анықтамаға сәйкес еншілес ұйым болса, көпшілікке есеп бермейтін ұйым болып табылса және оның ХҚЕС бухгалтерлік есеп стандарттарына сәйкес жалпыға қолжетімді шоғырландырылған қаржылық есептілікті дайындайтын бас ұйымы (түпкілікті немесе аралық) болса ғана қолдана алады.

19-ХҚЕС (IFRS) 2027 жылғы 1 қаңтарда немесе осы күннен кейін басталатын есепті кезеңдер үшін күшіне енеді. Мерзімінен бұрын қолдануға рұқсат етіледі.

9-ХҚЕС (IFRS) және 7-ХҚЕС (IFRS) стандарттарына енгізілген түзетулер – «Қаржы құралдарын жіктеуге және бағалауға арналған түзетулер»

2024 жылғы мамырда ХҚЕС жөніндегі кеңес 9-ХҚЕС (IFRS) және 7-ХҚЕС (IFRS) стандарттарына «Қаржы құралдарын жіктеуге және бағалауға арналған түзетулер» деп аталатын түзетулерді шығарды. Бұл түзетулер:

- қаржылық міндеттемені тануды тоқтату «есеп айырысу күні» жүзеге асырылатынын нақтылайды және (белгілі бір шарттар орындалған жағдайда) электрондық төлем жүйесі арқылы өтелетін қаржылық міндеттемелерді тануды есеп айырысу күніне дейін тоқтату үшін есеп саясатын таңдау мүмкіндігін қарастырады;
- экологиялық, әлеуметтік және корпоративтік сипаттамалары (ESG) және ұқсас ерекшеліктері бар қаржылық активтер бойынша шартта көзделген ақшалай қаражат ағындарын қалай бағалау керектігіне қатысты қосымша нұсқауларды қамтиды;
- «регресс құқығынсыз» қаржылық активтердің не екенін, сондай-ақ шартпен байланысты құралдардың сипаттамаларын нақтылайды;
- шартты сипаттамалары бар қаржы құралдары үшін ақпаратты ашуға қойылатын талаптарды және өзге жиынтық табыс арқылы әділ құнымен бағаланатын болып жіктелген үлестік құралдар үшін қосымша ақпаратты ашуға қойылатын талаптарды енгізеді.

Түзетулер 2026 жылғы 1 қаңтарда немесе осы күннен кейін басталатын жылдық кезеңдерге қатысты күшіне енеді. Тек қаржылық активтерді жіктеуге және тиісті ақпаратты ашуға қатысты ережелерді мерзімінен бұрын қолдануға жол беріледі. Бұл түзетулер Компанияның қаржылық есептілігіне елеулі әсер етпейді деп күтілуде.

«ХҚЕС бухгалтерлік есеп стандарттарын жыл сайынғы жетілдіру, 11-шығарылым»

2024 жылғы шілдеде ХҚЕС бухгалтерлік есеп стандарттарын жоспарлы жаңарту шеңберінде ХҚЕС жөніндегі кеңес қолдану аясы тар тоғыз түзету шығарды. Бұл түзетулер келесі стандарттардың келісімділік деңгейін арттыруға бағытталған нақтылауларды, оңайлатуларды, түзетулер мен өзгерістерді қамтиды:

- ХҚЕС (IFRS) 1 «Қаржылық есептіліктің халықаралық стандарттарын бірінші рет қолдану»,
- 7 ХҚЕС (IFRS) «Қаржы құралдары: ақпаратты ашу» және оған ілесіп 7 ХҚЕС (IFRS) бойынша енгізу жөніндегі нұсқаулыққа,
- 9 ХҚЕС (IFRS) «Қаржы құралдары» стандартына,
- 10 ХҚЕС (IFRS) «Шоғырландырылған қаржылық есептілік» стандартына
- және 7 ХҚЕС (IAS) «Ақша қаражатының қозғалысы туралы есеп» стандартына.

Түзетулер 2026 жылғы 1 қаңтарда немесе осы күннен кейін басталатын жылдық есепті кезеңдер үшін күшіне енеді. Бұл фактіні ашып көрсеткен жағдайда, мерзімінен бұрын қолдануға рұқсат етіледі. Бұл түзетулер Компанияның қаржылық есептілігіне елеулі әсер етпейді деп күтіледі.

ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР

2.3. Шығарылған, бірақ әлі күшіне енбеген стандарттар (жалғасы)

9 ХҚЕС (IFRS) пен 7 ХҚЕС-ке (IFRS) енгізілген түзетулер – «Табиғи көздерден алынатын электр энергиясын жеткізу шарттары»

2024 жылдың желтоқсанында ХҚЕС жөніндегі кеңес 9 ХҚЕС (IFRS) пен 7 ХҚЕС-ке (IFRS) – «Табиғи көздерден алынатын электр энергиясын жеткізу шарттары» атты түзетулер шығарды. Түзетулер тек табиғи көздерден алынатын электр энергиясын жеткізу шарттарына ғана қолданылады.

Бұл түзетулер:

- қолдану аясына кіретін шарттарға қатысты «жеке қажеттіліктер үшін тұтыну» талаптарын қалай қолдану керектігін нақтылайды;
- осы түзетулердің қолдану аясына кіретін шарттар жағдайында ақша қаражаты ағындарын хеджирлеу қатынастарында хеджирлеу объектісін айқындауға қойылатын талаптарды өзгертеді;
- инвесторларға осы шарттардың ұйымның қаржылық нәтижелері мен ақша ағындарына қалай әсер ететінін түсінуге мүмкіндік беру үшін ақпаратты ашуға қатысты жаңа талаптар қосады.

Түзетулер 2026 жылғы 1 қаңтарда немесе осы күннен кейін басталатын жылдық есепті кезеңдерге қатысты күшіне енеді. Бұл фактіні ашқан жағдайда түзетулерді мерзімінен бұрын қолдануға рұқсат етіледі. Өз қажеттіліктері үшін электр энергиясын тұтынуға қатысты алып тастауды көздейтін түзетулер ретроспективті түрде қолданылса, хеджирлеуді есепке алуға қатысты түзетулер олар бастапқы қолданылған күннен кейін анықталған хеджирлеудің жаңа қатынастарына перспективалы түрде қолданылады. Бұдан бөлек, ақпаратты ашуға қатысты 7 ХҚЕС-ке (IFRS) енгізілген түзетулер 9 ХҚЕС-ке (IFRS) енгізілген түзетулермен бір мезгілде қолданылуы тиіс.

Бұл түзетулер Компанияның қаржылық есептілігіне елеулі әсер етпейді деп күтіледі.

2.4. Функционалдық валюта және есептілікті ұсыну валютасы

Қазақстанның ұлттық валютасы – қазақстандық теңге (бұдан әрі – «теңге»), ол Компания үшін өлшем валютасы және осы қаржылық есептілікті ХҚЕС-ке сәйкес жасау кезінде қолданылатын валюта болып табылады. Егер өзгеше көрсетілмесе, барлық қаржылық ақпарат мың қазақстандық теңгемен ұсынылған.

2.5. Үздіксіздік қағидаты

Қоса берілген қаржылық есептілік қызметтің үздіксіздігі қағидаты негізінде жасалды, бұл қалыпты қызмет барысында активтерді өткізуді және міндеттемелерді өтеуді білдіреді. Компанияның өз активтерін өткізу қабілетіне, сондай-ақ оның болашақ қызметіне Қазақстандағы ағымдағы және болашақ экономикалық жағдайлардың елеулі ықпалы болуы мүмкін. Қоса берілген қаржылық есептілікте Компания үздіксіздік қағидаты негізінде өз қызметін жалғастыра алмаған жағдайда қажет болатын түзетулер қамтылмаған.

2.6. Есепке алу саясатының маңызды ережелеріне қысқаша шолу

Төменде осы қаржылық есептілікті дайындау үшін қабылданған есепке алу саясатының негізгі ережелері баяндалған. Егер өзгеше бекітілмесе, бұл ережелер ұсынылған барлық жылдарға қатысты бірізділікпен қолданылды.

Компания есепке алу саясатын тек оны өзгерту:

а) қандай да бір Стандартпен талап етілген;

б) немесе қаржылық есептіліктің операциялардың, басқа оқиғалардың немесе жағдайлардың Компанияның қаржылық жағдайына, қызметінің қаржылық нәтижелеріне не ақша қаражатының қозғалысына әсері туралы сенімді әрі орынды ақпарат беруіне алып келген жағдайда ғана өзгертуге міндетті.

ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР

а) Активтер мен міндеттемелерді айналымдағы (қысқа мерзімді) және айналымнан тыс (ұзақ мерзімді) деп жіктеу

Қаржылық жағдай туралы есепте Компания активтер мен міндеттемелерді айналымдағы (қысқа мерзімді) және айналымнан тыс (ұзақ мерзімді) жіктемесі негізінде ұсынады. Актив, егер:

- оны кәдімгі операциялық цикл шеңберінде іске асыру көзделсе немесе ол сатуға не тұтынуға арналса;
- ол негізінен сауда-саттық мақсатында ұсталса;
- оны есепті кезеңнен кейінгі он екі ай ішінде іске асыру болжанса; немесе
- ол, есепті кезеңнен кейін кемінде он екі ай бойы оны айырбастауға немесе міндеттемелерді өтеу үшін пайдалануға шектеулер болған жағдайларды қоспағанда, ақшалай қаражат немесе оның баламалары болып табылса.

Барлық өзге активтер ұзақ мерзімді активтер ретінде жіктеледі.

Міндеттеме мына жағдайларда қысқа мерзімді болып табылады:

- оны кәдімгі операциялық цикл шеңберінде өтеу көзделсе;
- ол негізінен сауда-саттық мақсатында ұсталса;
- ол есепті кезеңнен кейінгі он екі ай ішінде өтелуге тиіс болса; немесе
- ұйымның міндеттемені өтеуді есепті кезеңнен кейін кемінде он екі айға кейінге қалдыруға сөзсіз құқығы болмаса.

Міндеттемені контрагенттің қалауы бойынша үлестік құралдарды шығару және беру арқылы өтеуге болатынын көздейтін шарттар осы міндеттеменің жіктелуіне әсер етпейді.

Компания барлық өзге міндеттемелерді ұзақ мерзімді деп жіктейді.

Кейінге қалдырылған салық активтері мен міндеттемелері ұзақ мерзімді активтер мен міндеттемелер ретінде жіктеледі.

б) Теңгеге қайта есептеу әдістемесі

Шетел валютасында көрсетілген ақшалай активтер мен міндеттемелер қаржылық есептілікті жасау күніндегі тиісті айырбастау бағамы бойынша теңгеге қайта есептеледі. Шетел валютасындағы операциялар операция жасалған күндегі бағам бойынша көрсетіледі. Мұндай қайта есептеуден түскен пайда мен залал жиынтық кіріс туралы есепте көрініс табады.

Айырбастау бағамы

Төменде Компанияның қаржылық есептілікті жасау кезінде пайдаланған жыл соңындағы айырбастау бағамдары келтірілген:

	31 желтоқсан 2025 ж.	2025 жыл	31 желтоқсан 2024 ж.	2024 жыл
Доллар	505,53	521,32	525,11	469,44
Еуро	592,43	589,38	546,74	507,86
Ресей рублі	6,34	6,26	4,88	5,08

ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР

в) Негізгі құралдар

Негізгі құралдар объектілері үшін жинақталған амортизация мен құнсызданудан болған залалдарды шегергендегі бастапқы құн бойынша есепке алу моделі қолданылады. Бастапқы құнға негізгі құралдар объектілерін сатып алуға тікелей байланысты барлық шығын енгізіледі.

Негізгі құралдардың амортизациясы активтің пайдалы қызмет мерзімі ішінде амортизацияланатын құнды есептен шығару мақсатында өзіндік құн және әкімшілік шығыстар баптары бойынша жиынтық кіріс туралы есепте көрсетіледі және тікелей есептен шығару әдісімен есептеледі. Егер негізгі құрал бірлігінің құрамдас бөліктерінің пайдалы қызмет мерзімі әртүрлі болса, олар негізгі құралдардың жеке бірліктері ретінде есепке алынады.

Амортизацияланатын шама – негізгі құралдар бірлігінің қалдық құнын шегергеннен кейінгі оның нақты өзіндік құны немесе қайта бағаланған құны. Қалдық құн дегеніміз – активтер пайдалы қызмет мерзімінің соңында күтілетін жасқа немесе жағдайға жеткен кезде, Компанияның шығаруға жұмсалатын болжамды шығындарды шегеріп, негізгі құралдар бірлігінің есептен шығарылуынан ала алатын есептік сомасы. Қалдық құн мен пайдалы қызмет мерзімі әр қаржы жылының соңында қайта қаралады. Алдыңғы бағалауларға енгізілген кез келген өзгерістің нәтижесі бухгалтерлік бағалаудағы өзгеріс ретінде есепке алынады.

Амортизация активтердің болжамды пайдалы қызмет мерзімі ішінде түзу сызықты әдіспен есептеледі. Компанияның негізгі құралдарының болжамды орташа пайдалы қызмет мерзімдері:

Негізгі құралдар	Пайдалы қызмет мерзімі
Ғимараттар мен құрылыстар	10-25 жыл
Машиналар мен жабдықтар	3-20 жыл
Өзге де негізгі құралдар	2-10 жыл

Компания орнатылмаған қосалқы бөлшектерді негізгі құралдарды тану өлшемшарттарына сәйкес келетіндіктен, оларды негізгі құралдар құрамында жіктейді. Бұл қосалқы бөлшектер — болашақта орнатылып, негізгі құралдардың баланстық құнына енгізілетін бөлшектер. Мұндай қосалқы бөлшектерді пайдалану және қолдану мүмкіндігі болмағандықтан, оларға амортизация есептелмейді; бұл активтер консервацияда тұр. Негізгі құрал нысанын есептен шығаруға байланысты туындайтын кірістер немесе шығыстар, егер ондайлар болса, істен шығудан түсетін таза түсімдер мен нысанның баланстық құны арасындағы айырма ретінде айқындалады және жиынтық табыс туралы есепке қосылады.

г) Құнсыздану

Әрбір есепті кезеңнің соңында компания сыртқы және ішкі ақпарат көздерін қарастыру арқылы активтердің ықтимал құнсыздану белгілерінің бар-жоғына бағалау жүргізеді.

Мұндай белгілер анықталған жағдайда, құнсызданудан болатын ықтимал залалды анықтау мақсатында активтің өтелетін құнына ресми бағалау жасалады.

Активтердің ықтимал құнсыздануының қандай да бір белгілері болмаса, өтелетін құнға ресми бағалау жүргізілмейді. 2025 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша негізгі құралдардың құнсыздану белгілері анықталған жоқ.

д) Қорлар

Қорлар бастапқы сатып алу құны мен сатудың ықтимал таза бағасының қайсысы төмен болса, сол құн бойынша бағаланады.

Қорлардың өзіндік құны орташа өлшенген құн әдісімен, тиісті өлшем бірліктеріне және олардың кезең басындағы құны мен кезең ішіндегі түсімдеріне негізделіп айқындалады.

ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР

е) Қаржы құралдары: бастапқы тану және кейінгі бағалау

Қаржы құралы — бір ұйымда қаржылық активтің, ал екінші ұйымда қаржылық міндеттеменің немесе үлестік құралдың туындауына әкелетін кез келген шарт.

і) Қаржылық активтер

Бастапқы тану және бағалау

Бастапқы тану кезінде қаржылық активтер кейіннен амортизацияланған құн бойынша; өзге жиынтық табыс арқылы әділ құн бойынша; пайда немесе залал арқылы әділ құн бойынша бағаланатын болып жіктеледі.

Сауда дебиторлық берешегі алғаш рет пайда болған сәтінде танылады. Барлық басқа қаржылық активтер мен міндеттемелер Компания осы құралдарға қатысты шарттық қатынастарға түскен кезде алғаш рет танылады.

Қаржыландырудың елеулі компонентін қамтымайтын саудалық дебиторлық берешекті қоспағанда, қаржылық активтер бастапқыда әділ құн бойынша бағаланады. Пайда немесе залал арқылы әділ құн бойынша бағаланбайтын қаржылық активтер үшін бұл құн активті сатып алуға байланысты мәміле бойынша шығындар сомасына ұлғайтылады. Қаржыландырудың елеулі компонентін қамтымайтын саудалық дебиторлық берешек бастапқыда 15-ХҚЕС-ке (IFRS 15) сәйкес айқындалған мәміле бағасы бойынша бағаланады.

Қаржылық активті амортизацияланған құн бойынша немесе өзге жиынтық табыс арқылы әділ құн бойынша жіктеп, бағалау үшін осы активтің шарттық талаптары тек негізгі борыш сомасы мен негізгі борыштың өтелмеген бөлігіне есептелген пайыздар («SPPI өлшемшарты») түріндегі төлемдер болып табылатын ақша ағындарын алуды көздеуі тиіс.

Компанияның қаржылық активтерді басқару үшін қолданатын бизнес-моделі оның ақша ағындарын құру мақсатында өз қаржылық активтерін қандай тәсілмен басқаратынын сипаттайды. Бизнес-модель ақша ағындарының шартта көзделген ақша ағындарын алу, қаржылық активтерді сату немесе осы екеуінің нәтижесінде пайда болатынын айқындайды.

Кейінгі бағалау

Кейінгі бағалау мақсатында қаржылық активтер төрт санатқа жіктеледі:

- Амортизацияланған құны бойынша бағаланатын қаржылық активтер (борыштық құралдар);
- Жинақталған пайда мен залалдарды кейіннен қайта сыныптау арқылы өзге жиынтық табыс арқылы әділ құнымен бағаланатын қаржылық активтер (борыштық құралдар);
- Тануды тоқтату кезінде жинақталған пайда мен залалдарды кейіннен қайта сыныптамай, өзге жиынтық табыс арқылы әділ құнымен бағаланатын қаржылық активтер (үлестік құралдар);
- Пайда немесе залал арқылы әділ құнымен бағаланатын қаржылық активтер.

Компанияның қаржылық активтері негізінен дебиторлық берешек пен ақша қаражатынан және олардың баламаларынан тұрады.

ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР

Амортизацияланған құны бойынша бағаланатын қаржылық активтер (борыштық құралдар)

Компания қаржылық активтерді амортизацияланған құны бойынша мынадай екі шарттың екеуі де орындалған жағдайда бағалайды:

- қаржылық актив шартта көзделген ақша ағындарын алу мақсатында қаржылық активтерді ұстауды көздейтін бизнес-модель шеңберінде ұсталады; және;
- қаржылық активтің шарттық талаптарына сәйкес көрсетілген күндері негізгі борыш сомасы мен негізгі борыштың өтелмеген бөлігіне есептелген пайыздар түріндегі төлемдер болып табылатын ақша ағындары алынады.

Амортизацияланған құны бойынша бағаланатын қаржылық активтер кейіннен тиімді пайыздық мөлшерлеме әдісін қолданып бағаланады және оларға құнсыздануға қатысты талаптар қолданылады. Активті тану тоқтатылған, ол өзгертілген немесе құнсызданған жағдайда пайда немесе залал пайда немесе залал құрамында танылады.

Компания амортизацияланған құны бойынша бағаланатын қаржылық активтер санатына саудасаттықтағы дебиторлық берешекті және банктердегі ақша қаражатын жатқызады.

Тануды тоқтату

Қаржылық актив мына жағдайларда танылуын тоқтатады:

- активтен ақша ағындарын алу құқығының қолданылу мерзімі аяқталса; немесе
- Компания активтен ақша ағындарын алу құқығын берсе не «транзиттік» келісім бойынша алынатын ақша ағындарын үшінші тарапқа толық көлемде және елеулі кідіріссіз төлеу жөніндегі міндеттемені өз мойнына алса; және не (а) Компания активке қатысты барлық төуекелдер мен пайданы берсе, не (б) Компания активке қатысты барлық төуекелдер мен пайданы бермесе де, сақтап қалмаса да, алайда осы активке бақылауды берсе.

Егер Компания активтен ақша ағындарын алу құқығын берсе немесе транзиттік келісім жасаса, ол меншік құқығына байланысты төуекелдер мен пайданы сақтап қалғанын, ал сақтап қалған жағдайда, қандай көлемде екенін бағалайды. Егер Компания активке қатысты барлық төуекелдер мен пайданы бермесе де, сақтап қалмаса да, сондай-ақ осы активке бақылауды бермесе, Компания берілген активті өзінің оған қатысу дәрежесінде тануды жалғастырады. Бұл жағдайда Компания тиісті міндеттемені де таниды. Берілген актив пен тиісті міндеттеме Компания сақтап қалған құқықтар мен міндеттемелерді көрсететін негізде бағаланады.

Берілген актив бойынша кепілдік нысанындағы жалғаспалы қатысу мына шамалардың ең азы бойынша бағаланады: активтің бастапқы баланстық құны немесе Компаниядан төлеуі талап етілуі мүмкін өтемақының ең жоғары сомасы.

Қаржылық активтердің құнсыздануы

Компания амортизацияланған құны бойынша бағаланатын барлық қаржылық активтер бойынша күтілетін кредиттік залалдарға арналған бағалау резервін таниды. Күтілетін кредиттік залалдар шарт бойынша тиесілі ақша ағындары мен Компания алуды күтетін барлық ақша ағындары арасындағы айырма негізінде есептеледі және бастапқы тиімді пайыздық мөлшерлеме (бұдан әрі – «ТПМ») немесе оның жуықталған мәні қолданыла отырып дисконтталады. Күтілетін ақша ағындарына ұстап қалынған кепілді сатудан немесе шарттық талаптардың ажырамас бөлігі болып табылатын кредиттік сапаны жақсартудың басқа тетіктерінен түсетін ақша ағындары кіреді.

Күтілетін кредиттік залалдар екі кезеңде танылады. Бастапқы танылған сәттен бастап кредиттік төуекелі айтарлықтай өспеген қаржы құралдары үшін келесі 12 ай ішінде болуы мүмкін дефолттар салдарынан туындауы ықтимал кредиттік залалдарға қатысты бағалау резерві құрылады (12 айлық күтілетін кредиттік залалдар).

ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР

Бастапқы танылған сәтінен бастап несиелік тәуекелі едәуір артқан қаржы құралдары бойынша, дефолттың басталу мерзіміне қарамастан, осы қаржы құралының қалған қолданылу мерзімі ішінде күтілетін несиелік залалдарға қатысты бағалау резерві құрылады (құралдың бүкіл мерзіміне күтілетін несиелік залалдар).

Сауда дебиторлық берешегіне қатысты Компания жеңілдетілген тәсілді қолданады. Тиісінше, Компания несиелік тәуекелдің өзгеруін қадағаламайды, оның орнына әрбір есепті күнге бүкіл мерзім ішіндегі күтілетін несиелік залалдарға тең сомадағы залалдар бойынша бағалау резервін таниды. Компания қарыз алушыларға тән болжамды факторларды және жалпы экономикалық жағдайларды ескере отырып түзетілген, несиелік залалдардың туындауы бойынша өткен тәжірибесіне сүйеніп, бағалау резервтерінің матрицасын пайдаланды.

ii) Қаржылық міндеттемелер

Алғашқы тану және бағалау

Қаржылық міндеттемелер алғашқы тану кезінде, тиісінше, пайда немесе залал арқылы әділ құнымен бағаланатын қаржылық міндеттемелер, несиелер мен қарыздар, кредиторлық берешек немесе Компанияның қалауы бойынша тиімді хеджирлеу кезінде хеджирлеу құралы ретінде сыныпталған туынды құралдар ретінде жіктеледі.

Барлық қаржылық міндеттемелер бастапқыда (несиелер, қарыздар және кредиторлық берешек жағдайында) мәміле бойынша тікелей қатысты шығындарды шегергендегі әділ құнымен танылады.

Компанияның қаржылық міндеттемелері қарыздарды, сауда және өзге де кредиторлық берешекті қамтиды.

Кейінгі бағалау

Кейінгі бағалау мақсатында қаржылық міндеттемелер мынадай екі санатқа жіктеледі:

- пайда немесе залал арқылы әділ құнымен бағаланатын қаржылық міндеттемелер;
- амортизацияланған құнымен бағаланатын қаржылық міндеттемелер (несиелер мен қарыздар).

Амортизацияланған құнымен бағаланатын қаржылық міндеттемелер

Бұл қаржылық міндеттемелер бастапқы танылғаннан кейін тиімді пайыздық мөлшерлеме әдісін қолдану арқылы амортизацияланған құнымен бағаланады.

Осындай қаржылық міндеттемелер бойынша пайда мен залал олардың танылуы тоқтатылған кезде, сондай-ақ тиімді пайыздық мөлшерлемені қолдану арқылы амортизация есептелуіне қарай пайда немесе залал құрамында танылады.

ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР

Амортизацияланған құн сатып алу кезіндегі дисконттарды немесе сыйлықақыларды, сондай-ақ тиімді пайыздық мөлшерлеменің ажырамас бөлігі болып табылатын комиссияларды немесе шығындарды ескере отырып есептеледі. Тиімді пайыздық мөлшерлеме амортизациясы қаржыландыру бойынша шығындардың құрамына енгізіледі.

Тануды тоқтату

Құрал шарттарының елеулі түрде өзгеруіне байланысты тануды тоқтату

Компания, егер қолданыстағы қаржылық міндеттеме сол кредитормен, бірақ шарттары айтарлықтай өзгеше басқа міндеттемемен алмастырылса немесе қолданыстағы міндеттеменің шарттары елеулі түрде өзгертілсе, қаржылық міндеттемені тануды тоқтатады. Қаржылық міндеттемелер үшін, егер жаңа шарттарға сәйкес ақша ағындарының келтірілген құны (бастапқы ТСМ бойынша дисконтталған алынған комиссиялық сыйақыны шегергендегі төленген комиссиялық сыйақыны қоса алғанда) бастапқы қаржылық міндеттеме бойынша қалған ақша ағындарының дисконтталған келтірілген құнынан кемінде 10%-ға ерекшеленсе, шарттар айтарлықтай өзгеше деп есептеледі.

Егер өзгерту ақша ағындарының елеулі өзгеруіне әкелмесе, онда мұндай өзгерту тануды тоқтатуға негіз болмайды. Компания бастапқы ТСМ бойынша дисконтталған ақша ағындарының өзгеруі негізінде өзгертуден түскен пайданы немесе залалды таниды (қаржылық активтер үшін – құнсызданудан болатын залал танылғанға дейін).

Елеулі өзгертумен байланысты емес тануды тоқтату

Егер міндеттеме өтелсе, күші жойылса немесе оның қолданылу мерзімі аяқталса, қаржылық міндеттемені тану тоқтатылады. Бастапқы қаржылық міндеттеменің баланстық құны мен төленген өтемақы сомасы арасындағы айырма пайда немесе залал құрамында танылады.

i) Қаржы құралдарын өзара есепке алу

Қаржылық активтер мен қаржылық міндеттемелер өзара есепке алынады, ал таза сома қаржылық жағдай туралы есепте мынадай жағдайларда көрсетіледі: танылған сомаларды өзара есепке алуға қазіргі уақытта заңмен қорғалған құқық болса және таза негізде есеп айырысу, активтерді өткізу және сонымен бір мезгілде міндеттемелерді өтеу ниеті болса.

ж) Ақша қаражаты және олардың баламалары

Ақша қаражаты мен олардың баламаларына банк шоттарындағы және кассадағы ақша қаражаты жатады.

з) Бағалау міндеттемелері

Егер Компанияның өткен оқиға нәтижесінде пайда болған ағымдағы (заңды немесе іс жүзінде қалыптасқан) міндеттемесі болса, міндеттемені өтеу үшін экономикалық пайданың шығуы ықтималдығы жоғары болса және осындай міндеттеменің сомасын сенімді бағалау мүмкін болса, бағалау міндеттемелері танылады. Ақшаның уақытша құнының әсері елеулі болған жағдайда, бағалау міндеттемелері қажет болған кезде нақты міндеттемеге тән тәуекелдерді көрсететін салық салынғанға дейінгі ағымдағы мөлшерлеме бойынша дисконтталады. Дисконттау қолданылса, уақыт өте келе бағалау міндеттемелерінің ұлғаюы қаржылық шығыс ретінде танылады.

Өзге де бағалау міндеттемелері

Өзге бағалау міндеттемелері Компанияның өткен оқиғалар нәтижесінде туындаған ағымдағы міндеттемелері (құқық нормаларымен айқындалатын немесе тұспалданатын) болған кезде қаржылық есептілікте көрініс табады. Бұл міндеттемелерді өтеу үшін құрамында экономикалық пайдасы бар ресурстардың шығуы ықтимал болуы тиіс, сондай-ақ олардың мөлшері жеткілікті дәлдікпен бағалана алуы керек.

ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР

и) Сатып алушылармен жасалған шарттар бойынша кіріс

Компанияның негізгі қызметі халықаралық автомобиль тасымалдарын қадағалаудың ақпараттық жүйесінің ұлттық операторы функциясын орындаумен байланысты. Сатып алушылармен жасалған шарттар бойынша кіріс тауарларға немесе көрсетілетін қызметтерге бақылау сатып алушыға өткенде және Компания осындай тауарлар немесе қызметтер үшін айырбас ретінде алуды күтетін сыйақыны көрсететін сомада бағаланған кезде танылады. Компания өз қызметтерін көрсету кезінде принципал ретінде әрекет етеді. Кіріс сомасы орындау міндеттемесінің аяқталу дәрежесін бағалау үшін ең ықтимал шама әдісін пайдалану арқылы кезең ішінде танылады.

Шарт бойынша қалдықтар (Саудалық дебиторлық берешек)

Дебиторлық берешек Компанияның өтем алуға деген сөзсіз құқығын білдіреді (яғни, мұндай өтемнің төленуге тиіс болатын және тек уақыттың өтуімен шартталатын сәтінің туындауы).

Шарт бойынша міндеттемелер

Шарт бойынша міндеттеме – бұл Компания сатып алушыдан өтемақы алатын (немесе алған) тауарларды не қызметтерді сатып алушыға беру міндеті. Егер сатып алушы өтемақыны Компания тауарды не қызметті сатып алушыға бергенге дейін төлесе, шарт бойынша міндеттеме төлем жасалған сәтте немесе төлем төленуге тиіс болған сәтте (қайсысы бұрын болғанына қарай) танылады. Шарт бойынша міндеттемелер Компания шарттық міндеттерін орындаған кезде түсім ретінде танылады.

к) Табыс салығы және кейінге қалдырылған салықтар

Табыс салығы салық салынбайтын не салық мақсатында шегерімге жатқызылмайтын баптар бойынша түзетулерден кейінгі жыл ішіндегі қаржы-шаруашылық қызметінің нәтижелеріне негізделеді.

Кейінге қалдырылған салықтар қаржылық есептіліктегі активтер мен міндеттемелердің баланстық құны мен салық салынатын пайданы анықтау үшін пайдаланылатын оларға сәйкес активтер мен міндеттемелердің салықтық базасы арасындағы уақытша айырмашылықтарға қатысты міндеттемелер әдісі бойынша есепке алынады.

Мынадай уақытша айырмашылықтар есепке алынбайды: бухгалтерлік кіріске де, салық салынатын кіріске де өсер етпейтін активтерді немесе міндеттемелерді бастапқы тану; және еншілес кәсіпорындарға салынған инвестициялар, егер бұл ретте Бас компанияның уақытша айырмашылықтың күшін жою уақытын бақылау мүмкіндігі болса және уақытша айырмашылықтың таяу болашақта жойылмайтынына қатысты ықтималдық бар болса.

Кейінге қалдырылған салық сомасын есептеу есепті күнге қолданыстағы немесе негізінен қолданылатын салық ставкаларын пайдалана отырып, активтер мен міндеттемелердің баланстық құнын өткізудің немесе реттеудің болжамды тәсіліне негізделеді. Кейінге қалдырылған салық бойынша міндеттемелер әдетте барлық салық салынатын уақытша айырмашылықтар үшін танылады. Кейінге қалдырылған табыс салығы бойынша активтер шегерілетін уақытша айырманы есепке алуға болатын салық салынатын пайда алу ықтималдығы бар дәрежеде танылады. Кейінге қалдырылған салық активтері салық активін іске асыру мүмкін болмаған жағдайда азайтылады.

Кейінге қалдырылған салық активтері мен кейінге қалдырылған табыс салығы бойынша міндеттемелерді өзара есепке алу, олар бір салық органы өндіріп алатын табыс салығына жатқанда және Компания өзінің салық активтері мен міндеттемелерін нетто-негізде өтеуді жоспарлағанда жүргізіледі.

Кейінге қалдырылған салық активтердің шығуы немесе міндеттемелердің өтелуі кезеңінде қолданылады деп күтілетін ставкалар бойынша есепке алынады. Кейінге қалдырылған салық, тікелей меншікті капитал шоттарында көрсетілген баптарға қатысты жағдайларды қоспағанда, жиынтық табыс туралы есепте көрсетіледі, ал мұндай жағдайда капитал құрамында көрініс табады.

Жылдық табыс салығы ағымдағы және кейінге қалдырылған салықтардан тұрады. Табыс салығы, тікелей капиталда танылатын баптарға қатысты жағдайларды қоспағанда, жиынтық табыс туралы есепте танылады. Мұндай жағдайларда ол капиталда танылады.

ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР

Ағымдағы салық — бұл есепті күнге қолданыстағы немесе негізінен қолданыстағы салық ставкаларын пайдалана отырып, жыл ішіндегі салық салынатын табыстан төленетін күтілетін салық, сондай-ақ өткен жылдарға қатысты төленетін салыққа енгізілетін кез келген түзетулер.

3. Бағалау мәндері мен болжамдар

Қаржылық есептілікті ХҚЕС-ке сәйкес дайындау Компания басшылығынан есептілікте көрсетілген активтер мен міндеттемелердің сомаларына, есепті күндегі шартты активтер мен міндеттемелерді ашып көрсетуге және есепті кезеңдегі табыстар мен шығыстардың сомаларына әсер ететін бағалау мәндері мен болжамдарды жасауды талап етеді. Нақты нәтижелер осы бағалау мәндерінен өзгеше болуы мүмкін.

Қаржылық есептілікте көрсетілетін сомаларға ең елеулі ықпал ететін кәсіби пайымдауларға және активтер мен міндеттемелердің баланстық құнына елеулі түзетулер енгізуге әкелуі мүмкін бағалауларға мыналар жатады:

Негізгі құралдардың пайдалы қызмет мерзімі

Негізгі құралдар өзінің бүкіл пайдалы қызмет мерзімі ішінде тозғындалады. Пайдалы қызмет мерзімі басшылықтың активтер пайда әкелетін кезеңге қатысты бағалауы негізінде айқындалады. Бұл мерзімдер активтердің одан әрі жарамдылығын анықтау үшін жыл сайын қайта қаралады. Белгілі бір активтердің пайдалы қызмет мерзімінің ұзақтығына байланысты қолданылған бағалаулардағы өзгерістер баланстық құнның едәуір ауытқуына әкелуі мүмкін.

Қаржылық емес активтердің құнсыздануы

Компания өз негізгі құралдарына құнсызданудың ішкі және сыртқы белгілерінің бар-жоғына мониторинг жүргізеді. Басшылық Компанияның бизнесіне қатысты құнсызданудың қандай да бір белгілерінің пайда болуын тексерді. Тиісті бағалаудан кейін басшылық 2025 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған кезең ішінде және одан кейін осы активтерге қатысты құнсыздану белгілері туындамады деген қорытындыға келді.

Салық салу

Салық тәуекелдерін бағалау кезінде басшылық Компания салық органдарының есептеулері бойынша шағымданбайтыны белгілі болған немесе мұндай шағымдардың нәтижесі оң болады деп есептемейтін салықтық позициялар салаларына қатысты міндеттемелердің туындау ықтималдығын ескереді. Мұндай бағалаулар елеулі пайымдауларға негізделеді және салық заңнамасында өзгерістер болған, ықтимал талқылаулардың күтілетін нәтижесі өзгерген және салық органдары жүргізетін ағымдағы салықтық тексерулердің нәтижесі өзгерген жағдайда қайта қаралуы мүмкін.

Компания басшылығы оның салықтық міндеттемелері бойынша есептеулері көптеген факторды, соның ішінде өткен тәжірибе мен салық заңнамасын талқылауды бағалау негізінде есепті кезең үшін жеткілікті деп санайды. Мұндай бағалау есептеулер мен болжамдарға негізделеді және болашақ кезеңдердегі оқиғаларға қатысты бірқатар күрделі пайымдаулармен қатар жүруі мүмкін.

4. Капиталды басқару

Компания капитал құрылымын басқарады және оны экономикалық жағдайлардың өзгеруіне және шарт талаптарына сәйкес өзгертеді. Капитал құрылымын сақтау немесе өзгерту мақсатында Компания дивидендтер төлеуді реттей алады, капиталды ұлғайта алады немесе оны қатысушыларына қайтара алады. Компания капиталға бақылауды таза борыштың капитал мен таза борыш сомасына қатынасы ретінде есептелетін қаржылық левередж коэффициенті арқылы жүзеге асырады. Таза борышқа ақша қаражаты мен олардың баламаларын шегергендегі несиелер мен қарыздар, сауда-саттық кредиторлық берешегі кіреді.

ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР

<i>Мың теңгемен</i>	2025 жылғы 31 желтоқсан	2024 жылғы 31 желтоқсан
Сауда-саттық кредиторлық берешегі	547	23,641
Ақша қаражаты мен олардың баламаларын шегергенде	(545,619)	(100,528)
Таза борыш	(545,072)	(76,887)
Меншікті капитал	1,749,378	1,165,493
Меншікті капитал және таза борыш	1,204,306	1,088,606
Қаржылық левередж коэффициенті	145%	107%

5. Қаржы құралдары, қаржылық тәуекелдерді басқару мақсаттары мен саясаты қатерлі

Компанияның қызметі Қазақстанда бизнес жүргізуге тән экономикалық, саяси және әлеуметтік тәуекелдерге ұшырауы мүмкін. Бұл тәуекелдерге үкімет саясатының салдары, экономикалық жағдай, салық және құқық салаларындағы өзгерістер, валюта бағамдарының құбылуы, шарттар бойынша құқықтардың орындалуына кепілдіктің болмауы кіреді. Тәуекелдерді басқару – Компания қызметінің маңызды элементі.

Компанияның негізгі қаржы құралдарының құрамына қарыздар, ақша қаражаты мен олардың баламалары, дебиторлық және кредиторлық берешек жатады. Қоса берілген қаржылық есептілікте басшылықтың Қазақстандағы экономикалық жағдайдың Компания қызметі мен қаржылық жағдайына әсеріне берген бағасы көрсетілген. Болашақтағы экономикалық жағдай басшылықтың бағалауынан өзгеше болуы мүмкін.

Компанияның қаржы құралдарына байланысты негізгі тәуекелдерге валюталық және кредиттік тәуекелдер жатады. Компания басшылығы барлық қаржы құралдарына қатысты нарықтық тәуекел мен өтімділік тәуекеліне мониторинг жүргізеді және осы тәуекелдерді басқару процесін бақылайды. Компания тәуекелдердің өртүрлі түрлерін анықтау, олардың алдын алу, жою немесе өз қызметіне әсерін барынша азайту үшін барлық қажетті шараны қабылдайды.

Нарықтық тәуекел

Нарықтық тәуекел – бұл нарықтық бағалардың өзгеруі салдарынан қаржы құралының әділ құнының немесе болашақ ақша ағындарының ауытқу тәуекелі. Нарықтық тәуекел тәуекелдің үш түрін қамтиды: пайыздық тәуекел, валюталық тәуекел және басқа да баға тәуекелдері, мысалы, тауар бағасының өзгеру тәуекелі.

Валюталық тәуекел

Валюталық тәуекел – бұл валюта бағамдарының өзгеруі салдарынан тәуекелге ұшыраған әділ құнның немесе болашақ ақша ағындарының ауытқу тәуекелі. Компанияның валюта бағамдарының өзгеру тәуекеліне ұшырауы, ең алдымен, шетел валютасындағы міндеттемелерінің болуына байланысты.

ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР

<i>Мың теңгемен</i>	2025 жылғы 31 желтоқсанға		
	АҚШ доллары	Қазақстан теңгесі	Жиыны
Ақша қаражаты және олардың баламалары	73,045	472,574	545,619
Саудалық дебиторлық берешек	2,533	72,420	74,953
Саудалық кредиторлық берешек	-	(547)	(547)
	75,578	544,447	620,025

<i>Мың теңгемен</i>	2024 жылғы 31 желтоқсанға		
	АҚШ доллары	Қазақстан теңгесі	Жиыны
Ақша қаражаты және олардың баламалары	812	99,716	100,528
Саудалық дебиторлық берешек	283	3,467	3,750
Саудалық кредиторлық берешек	-	(23,641)	(23,641)
Салық бойынша міндеттемелер	-	-	-
	1,095	79,542	80,637

Шет ел валюталары бағамдарының өзгеруіне сезімталдық

Төмендегі кестелерде барлық басқа параметрлер өзгеріссіз қалған жағдайда АҚШ долларының айырбастау бағамындағы негізді ықтимал өзгерістерге қатысты сезімталдық талдауы берілген.

<i>Мың теңгемен</i>	АҚШ доллары бағамының өзгеруі	Салық салынғанға дейінгі пайдаға әсері
2025 жыл	+15%	11,337
	-5%	(3,779)
2024 жыл	+15%	164
	-5%	(55)

Шетел валюталары бағамдарының өзгеруіне сезімталдықты талдау шеңберіндегі айырбастау бағамдарының өзгеруі туралы болжамдар қазіргі сәтте байқалып отырған нарықтық жағдайға негізделеді.

Компанияның шетел валюталары бағамдарының өзгеруіне тәуекеліне ұшырауы елеулі болғанымен, басшылық болашақ түсімдерді талдай келе, Компанияның валюталық міндеттемелерді өтеу қабілетіне сенеді.

Пайыздық тәуекел

Пайыздық тәуекел – бұл нарықтық пайыздық мөлшерлемелердің өзгеруі салдарынан қаржы құралының өділ құнының немесе ол бойынша болашақ ақша ағындарының ауытқу тәуекелі. Компанияның құбылмалы пайыздық мөлшерлемесі бар пайыздық міндеттемелері жоқ.

Кредиттік тәуекел

Кредиттік тәуекел – бұл контрагенттердің қаржы құралы немесе клиенттік шарт бойынша өз міндеттемелерін орындамауы себебінен Компанияның қаржылық шығынға ұшырау тәуекелі. Компания өзінің операциялық қызметіне (ең алдымен, саудадағы дебиторлық берешекке қатысты), оның ішінде банк шоттарындағы ақшалай қаражатқа байланысты кредиттік тәуекелге ұшырайды.

ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР

<i>Мың теңгемен</i>	2025 жылғы 31 желтоқсанға	2024 жылғы 31 желтоқсанға
Банк шоттарындағы ақшалай қаражат	545 160	100 143
Саудадағы дебиторлық берешек	74 953	3 750
	620 113	103 893

Банктердегі шоттардағы ақшалай қаражат Fitch Ratings рейтинг агенттігінің деректері бойынша «BBB-» рейтингі бар банкте орналастырылған.

Компания құрылғаннан бері саудаға қатысты дебиторлық берешек бойынша несиелік залал шеккен жоқ. Себебі Компанияның берешегі күмәнді емес және құнсыздану белгілері жоқ контрагенттері бар.

Сатып алушыларға қатысты несиелік тәуекелді басқару Компания бекіткен саясатқа, рәсімдер мен бақылау жүйесіне сәйкес жүзеге асырылады. Сатып алушының несиелік сапасы ол туралы алынған деректер негізінде бағаланады. Осы бағалау негізінде несиеге сату (қызмет көрсету) көлемі айқындалады. Сатып алушылардың өтелмеген дебиторлық берешегіне және шарт бойынша активтерге тұрақты мониторинг жүргізіліп отырады.

Құнсыздануды тану қажеттілігі күтілетін кредиттік залалдарды бағалауға арналған бағалау резервтерінің матрицасын пайдалана отырып, әрбір есепті күнге талданады. Бағалау резервтерінің мөлшерлемелері төлем мерзімін кешіктіру күндерінің санына қарай белгіленеді; Компания клиенттерді сегменттер мен өзге де ұқсас сипаттамалар бойынша топтастырмайды. Есептеулерде ықтималдыққа қарай түзетілген нәтижелер, ақшаның уақытша құны, сондай-ақ есепті күнге қолжетімді, өткен оқиғалар, ағымдағы жағдайлар және болжамды болашақ экономикалық жағдайлар туралы негізделген әрі расталған ақпарат көрініс табады. Әдетте, сауда дебиторлық берешегінің мерзімі үш жылдан асып кетсе және оған қатысты тиесілі қаражатты мәжбүрлеп өндіріп алу рәсімдері қолданылмаса, ол есептен шығарылады. Компанияның өзіне тиесілі берешекті қамтамасыз ету ретінде кепілге алған мүлкі жоқ.

Төменде Компанияның заңды тұлғалардың сауда дебиторлық берешегі бойынша күтілетін кредиттік залалдары туралы ақпарат ұсынылған:

<i>Мың теңге</i>	31 желтоқсандағы 2025 жыл		
	Дефолт кезіндегі есептік жалпы баланстық құн	Күтілетін залалдар пайызы, %	Күтілетін кредиттік залалдар
Мерзімі өтпеген	74,953	0.00	-
	74,953	0.00	-

ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР

Мың теңге	31 желтоқсандағы 2024 жыл		
	Дефолт кезіндегі есептік жалпы баланстық құн	Күтілетін залалдар пайызы, %	Күтілетін кредиттік залалдар
Мерзімі өтпеген	3,750	0.00	-
	3,750	0.00	-

Өтімділік тәуекелі

Өтімділік тәуекелдерін басқару ақшалай қаражаттың жеткілікті көлемін қамтамасыз етуді, бөлінген несиелеу көздерінің қажетті санынан қаржыландыру алу мүмкіндігін қамтиды. Компания қысқа мерзімді де, ұзақ мерзімді де көздер есебінен айналым капиталын қаржыландырудың теңгерімді үлгісін ұстанады.

Төменде ұсынылған кестеде есепті күннен бастап шарт бойынша өтеу күніне дейінгі қалған мерзім негізінде өтеу мерзіміне қарай көрсетілген Компанияның қаржылық активтері мен міндеттемелері ашып көрсетілген. Кестеде ашып көрсетілген сомалар шарттық дисконтталмаған ақша ағындарын білдіреді.

мың теңгемен	2025 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша				
	3 айдан аз	3–12 ай	1 жылдан 5 жылға дейін	5 жылдан астам	Жиыны
Ақша қаражаты және олардың баламалары	545 619	-	-	-	545 619
Сауда дебиторлық берешегі	74 953	-	-	-	74 953
Сауда кредиторлық берешегі	(547)	-	-	-	(547)
Салықтар бойынша міндеттемелер	-	-	-	-	-
	621 119	-	-	-	621 119

мың теңгемен	2024 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша				
	3 айдан аз	3–12 ай	1 жылдан 5 жылға дейін	5 жылдан астам	Жиыны
Ақша қаражаты және олардың баламалары	100 528	-	-	-	100 528
Сауда дебиторлық берешегі	3 750	-	-	-	3 750
Сауда кредиторлық берешегі	(23 641)	-	-	-	(23 641)
Салықтар бойынша міндеттемелер	-	-	-	-	-
	80 637	-	-	-	80 637

Әділ құн

Компания басшылығы қаржылық активтер мен міндеттемелердің әділ құны олардың баланстық құнына жақындатылған және ол мәжбүрлі сатудан немесе таратудан басқа жағдайда, осындай мәміле жасауға ниетті тараптар арасындағы ағымдағы мәміле нәтижесінде құралды айырбастауға болатын соманы білдіреді деп есептейді.

Әділ құнды анықтау үшін келесідей әдістер мен жорамалдар пайдаланылды:

Ақша қаражатының, саудалық дебиторлық берешектің, саудалық кредиторлық берешектің және салықтық міндеттемелердің әділ құны, бұл құралдардың таяу болашақта өтелетініне байланысты, негізінен олардың баланстық құнына шамалас.

ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР
(жалғасы)

Қаржылық есептілік

6. Негізгі құралдар

Негізгі құралдардың қозғалысы төмендегідей көрсетілген:

Мың теңге	Ғимараттар мен құрылыстар	Машиналар мен жабдықтар	Арнайы жабдықтар	Өзгелері	Жиыны
2023 жылғы 31 желтоқсандағы бастапқы құны	76,600	262,665	8,387	16,318	363,970
Келіп түскендері	17,000	52,776	1,553	14,657	85,986
Ішкі орын ауыстырулар	-	3,205	-	(3,205)	-
Шығып қалуы	-	(20,074)	-	(425)	(20,499)
2024 жылғы 31 желтоқсандағы құны	93,600	298,572	9,940	27,345	429,457
Келіп түскендері		9,207	161,920	42,491	213,618
Есептен шығару		(397)	(92)	(262)	(751)
Ішкі орын ауыстырулар		50,655	-	(50,655)	-
Шығып қалуы		(13)	-	(397)	(410)
2025 жылғы 31 желтоқсандағы құны	93,600	358,024	171,768	18,522	641,914
2023 жылғы 31 желтоқсандағы жинақталған тозу	(39,937)	(90,367)	(3,893)	(2,786)	(136,983)
Есептелген тозу	(4,508)	(37,341)	(2,143)	(4,171)	(48,163)
Ішкі орын ауыстырулар	-	(3,433)	-	3,433	-
Есептен шығару	-	14,097	-	529	14,626
2024 жылғы 31 желтоқсандағы жинақталған тозу	(44,445)	(117,044)	(6,036)	(2,995)	(170,520)
Есептелген тозу	(5,251)	(29,270)	(31,152)	(27,619)	(93,292)
Ішкі орын ауыстырулар	-	(22,236)	-	22,236	-
Есептен шығару	-	397	92	261	750
2025 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша жинақталған тозу	(49,696)	(168,153)	(37,096)	(8,117)	(263,062)
Баланстық құн					
2024 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша	49,155	181,528	3,904	24,350	258,937
2025 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша	43,904	189,871	134,672	10,405	378,852

«Ғарыштық техника және технологиялар институты» ЖШС

Қаржылық есептілік

ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР
(жалғасы)

7. Материалдық емес активтер

Материалдық емес активтердің қозғалысы төмендегідей көрсетілген:

Мың теңгемен	Бағдарламалық қамтамасыз ету	Өзге	Жиыны
2023 жылғы 31 желтоқсандағы бастапқы құн	62,208	4,162	66,370
Келіп түсулер	5,605	-	5,605
Қайта бағалау (активті қайта бағалау резерві)	783,010	-	783,010
Шығып қалулар	(22,241)	-	(22,241)
2024 жылғы 31 желтоқсандағы құн	828,582	4,162	823,744
Келіп түсулер	5,503	-	5,503
Қайта бағалау (активті қайта бағалау резерві)	-	-	-
Шығып қалулар	-	-	-
2025 жылғы 31 желтоқсандағы құн	834,085	4,162	838,247
2023 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша жинақталған тозу	(42,965)	(2,887)	(45,852)
Амортизация және құнсыздану	(27,930)	594	(28,524)
Қайта бағалау (активті қайта бағалау резерві)	(43,500)	-	(43,500)
Есептен шығару	22,242	-	22,242
2024 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша жинақталған тозу	(92,153)	(3,481)	(95,634)
Амортизация және құнсыздану	(80,577)	(846)	(81,423)
Қайта бағалау (активті қайта бағалау резерві)	-	-	-
Есептен шығару	-	-	-
2025 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша жинақталған тозу	(172,730)	(4,327)	(177,057)
Баланстық құн	736,429	681	737,110
2024 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша	661,355	(165)	661,190
2025 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша			

ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР
(жалғасы)

8. Қорлар

<i>Мың теңгемен</i>	31 желтоқсан 2025 жыл	31 желтоқсан 2024 жыл
Өткізуге арналған тауарлар	257,400	-
Шикізат пен материалдар	20,316	16,437
Жиыны	277,716	16,437

9. Ақша қаражаты

<i>Мың теңгемен</i>	2025 жылғы 31 желтоқсанға	2024 жылғы 31 желтоқсанға
Жинақ шоттарындағы ақша қаражаты	468,516	99,286
Ағымдағы банк шоттарындағы ақша қаражаты	76,644	857
Кассадағы ақша қаражаты	459	385
Жиыны	545,619	100,528

Fitch Ratings рейтингтік агенттігінің деректері бойынша 2025 және 2024 жылдардағы 31 желтоқсанға дейінгі жағдай бойынша Компанияның ақша қаражаты болған банктердің кредиттік рейтингтері «BBB-» деңгейінде болды.

10. Капитал

Жарғылық капитал

2025 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Компанияның жарғылық капиталы 341,472 мың теңгені құрайды және толық төленген.

11. Сауда-саттық бойынша кредиторлық берешек

<i>Мың теңгемен</i>	2025 жылғы 31 желтоқсанға	2024 жылғы 31 желтоқсанға
Қысқа мерзімді кредиторлық берешек	547	23,641
Жиыны	547	23,641

Жоғарыда көрсетілген қаржылық міндеттемелер бойынша шарттар:

- Тауарлар мен көрсетілетін қызметтер үшін сауда-саттық бойынша кредиторлық берешек пайызсыз болып табылады және әдетте 90 күндік мерзімде өтеледі.

ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР
(жалғасы)

12. Қызметтерді өткізуден түскен табыс

<i>Мың теңгемен</i>	2025 жылғы 31 желтоқсанға	2024 жылғы 31 желтоқсанға
Операторлық қызметтен алынған табыс	1,938,556	1,099,435
Мемлекеттік тапсырысты орындаудан алынған табыс	71,368	69,891
Бағдарламалық-нысаналы, гранттық қаржыландыру бойынша табыс	176,591	44,867
Жиыны	2,186,515	1,214,193

13. Көрсетілетін қызметтердің өзіндік құны

<i>Мың теңгемен</i>	2025 жылғы 31 желтоқсанға	2024 жылғы 31 желтоқсанға
Жалақы	823,331	757,897
Негізгі құралдардың амортизациясы	174,747	76,583
Еңбекақы төлеуден жасалатын аударымдар	109,518	91,192
Лицензия	73,625	-
Байланыс қызметтері	63,204	48,966
Заңды тұлғалардың ҒЗЖ жүргізуі	47,578	10,201
Ақпараттық қызметтер	45,206	9,932
Іссапар шығыстары	16,199	14,461
Консультациялық қызметтер	13,275	7,553
Материалдық шығындар	8,794	1,656
Өзге өндірістік шығыстар	2,466	18,460
Жиыны	1,377,943	1,036,901

14. Жалпы және әкімшілік шығыстар

<i>Мың теңгемен</i>	2025 жылғы 31 желтоқсанға	2024 жылғы 31 желтоқсанға
Жалақы	182,032	140,284
Еңбекақы төлеуден аударымдар	20,379	15,611
Іссапар шығыстары	6,975	6,822
Ақпараттық қызметтер	4,074	1,218
Күзет қызметтері	3,692	189
Электр энергиясына және коммуналдық қызметтерге арналған шығыстар	3,457	3,972
Аудиторлық қызметтер	3,350	3,100
Материалдарға арналған шығыстар	1,868	4,498
Байланыс қызметтері	1,263	1,254
Негізгі құралдарды жөндеу және оларға қызмет көрсету	1,218	784
Кадрларды оқытуға және даярлауға арналған шығыстар	605	180
Сақтандыруға арналған шығыстар	508	400
Банк қызметтері	423	401
Салықтар және бюджетке төленетін өзге де төлемдер	145	138
Өзге әкімшілік шығыстар	7,716	7,526
Жиыны	237,705	186,377

ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР
(жалғасы)

15. Өзге операциялық кірістер

<i>Мың теңгемен</i>	2025 жылғы 31 желтоқсанға	2024 жылғы 31 желтоқсанға
Активтерді қайта бағалаудан түскен кірістер	49,536	12,384
Өзара келісім бойынша өтемақы сомасы	10,135	127
Сот шешімі бойынша өтемақы сомасы	1,150	-
Валюта айырбастаудан түскен кірістер	215	181
Тегін алынған активтерден түскен кірістер	22	15,221
Қаржыландыру бойынша өзге кірістер	-	220
Жиыны	61,058	28,133

16. Табыс салығы бойынша шығыстар мен үнем

31 желтоқсанда аяқталған жылдар үшін салық салуды келесідей көрсетуге болады:

<i>Мың теңгемен</i>	2025 жылғы 31 желтоқсанға	2024 жылғы 31 желтоқсанға
Ағымдағы табыс салығы	(8,078)	(3,972)
Кейінге қалдырылған салық	36,131	(143,923)
Жиыны	28,053	(147,895)

Компания өз қызметін арнайы экономикалық аймақтың қатысушысы ретінде жүзеге асырады. АЭА қатысушысы ретінде қызметтің басым түрлерін жүзеге асыру нәтижесінде алынған тауарларды, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді өткізуден түскен кірістер бойынша, корпоративтік табыс салығының сомасын анықтау кезінде есептелген табыс салығының сомасын 100 пайызға азайтады.

2024 және 2025 жылдардағы жиынтық кіріс туралы есепте 8 078 мың теңге және 3 972 мың теңге мөлшерінде көрсетілген корпоративтік табыс салығы бойынша шығыстар салықтық кезеңде сыйақы түріндегі кірістен төлем көзінен ұсталған корпоративтік табыс салығы болып табылады.

Кейінге қалдырылған салықтар қаржылық есептілік және салықтық есепке алу мақсатындағы активтер мен міндеттемелердің баланстық құны арасындағы уақытша айырмашылықтардың таза салықтық әсерін көрсетеді.

Кейінге қалдырылған салықтық міндеттемелер мынадай баптар бойынша танылды:

<i>Мың теңгемен</i>	2025 жылғы 31 желтоқсан	2024 жылғы 31 желтоқсан
Негізгі құралдар мен материалдық емес активтер	(136 892)	(168 636)
Өзге бағалау міндеттемелері	5 114	727
Жиыны	(131 778)	(167 909)

**ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР
(жалғасы)**

16. Табыс салығы бойынша шығыстар мен үнемдеу (жалғасы)

Уақытша айырмашылықтардың қозғалысы мынадай болды:

<i>Мың теңгемен</i>	2025 жылғы 31 желтоқсан	2024 жылғы 31 желтоқсан
1 қаңтардағы жағдай бойынша	(167 909)	(23 986)
Кірістер мен шығыстар есебінен кейінге қалдырылған салық	36 131	(143 923)
Жиыны	(131 778)	(167 909)

17. Байланысты тараптар туралы ақпаратты ашып көрсету

Осы қаржылық есептілікті дайындау кезінде тараптардың бірі екінші тараптың қаржылық және операциялық шешімдерін бақылай алса немесе оларға елеулі ықпал ете алса, онда олар байланысты тараптар ретінде қаралды.

Әрбір ықтимал байланысты тарапты қарастырған кезде олардың заңды ресімделуіне ғана емес, өзара қарым-қатынасының мәніне назар аударылады.

2025 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Қазақстан Республикасы Үкіметінің атынан Компанияның жалғыз қатысушысы Қазақстан Республикасы Жасанды интеллект және цифрлық даму министрлігінің Аэроғарыш комитеті болып табылады. Компанияның түпкі бақылаушы тарапы Қазақстан Республикасының Үкіметі болғандықтан, мемлекеттік меншіктегі барлық компаниялар байланысты тараптарға жатады.

Төмендегі кестеде тиісті есепті жылда байланысты тараптармен жасалған мәмілелердің жалпы сомасы туралы ақпарат қамтылған:

<i>Мың теңгемен</i>	2025 жылғы 31 желтоқсанға	2024 жылғы 31 желтоқсанға
Байланысты тараптарға қызметтерді өткізуден түскен кіріс	247 959	183 758
Оның ішінде:		
ҚР Ғылым және жоғары білім министрлігінің Ғылым комитетіне	176 591	-
ҚР Жасанды интеллект және цифрлық даму министрлігінің Аэроғарыш комитетіне	71 368	69 891

Дивидендтерді есептеу және төлеу (төлем кезінен ұсталған салықты қоса алғанда) 2025 және 2024 жылдары тиісінше 43 129 мың теңгені және 49 671 мың теңгені құрады.

Есепті күндерде байланысты тараптардың дебиторлық және кредиторлық берешегі жоқ.

2025 жыл ішінде Компания негізгі басқарушы персоналға сыйақы бойынша 27,932 мың теңге сомасында шығындар есептеді (2024 жыл: 32,686 мың теңге). Шығындар жалпы және әкімшілік шығыстар құрамында көрсетілген.

**ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР
(жалғасы)**

18. Шартты міндеттемелер

Сот процестері мен талап қоюлар

Өзінің қалыпты қызметін жүзеге асыру барысында Компания түрлі процестер мен талап қоюлардың нысаны болуы мүмкін. Компания нақты мән-жайларды ескере отырып, елеулі міндеттемелердің туындау ықтималдығын бағалайды және міндеттеменің пайда болуына алып келетін оқиғалардың іс жүзінде орын алу ықтималдығы болғанда әрі тиісті міндеттеменің сомасын негізді түрде анықтау мүмкін болған жағдайда ғана өзінің қаржылық есептілігінде тиісті резервті көрсетеді.

Салық салу

Компанияның қызметіне оның салықтық міндеттемелерін анықтауға қатысты белгісіздіктер әсер етеді. Басшылықтың Компанияның операциялық қызметіне қатысты салық заңнамасын қолдануын түсіндіруіне тиісті салық органдары дауласуы немесе дауласпауы мүмкін, бұл Компанияның қаржылық жағдайына және оның операцияларының нәтижелеріне теріс әсер етуі ықтимал айыппұлдар мен өсімпұлдарды қоса алғанда, Компаниядан қосымша салық төлемдерін өндіріп алуға әкелуі мүмкін.

Сақтандыру

Қазақстандағы сақтандыру жүйесі даму сатысында тұр, әрі әлемнің басқа елдеріне тән сақтандыру қорғанысының көптеген түрі әлі кеңінен қолжетімді емес. Компанияның мүлкіне немесе операцияларына қатысты жазатайым оқиғалар салдарынан мүлікке немесе қоршаған ортаға зиян келтіруге қатысты қызметтің тоқтатылуына немесе азаматтық жауапкершілікке қатысты толық сақтандыру өтемі жоқ. Компания тиісті сақтандыру өтемін алғанға дейін, белгілі бір активтердің жоғалуы немесе жойылуы Компанияның операциялары мен қаржылық жағдайына елеулі қолайсыз әсер етуі мүмкін деген тәуекел бар.

19. Есепті кезеңнен кейінгі оқиғалар

Есепті күннен кейін Компанияның қаржылық есептілігіне әсер ететін елеулі оқиғалар болған жоқ.

Директор
Тойшибеков О. К.

Бас бухгалтер
Алимова Ж. К.

